

Бекітілген!
Тық

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Болашақ» балабақшасы

Топ «Қарлығаш» ересек тобы

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 30-03 қараша 2023 жыл

Сейсенбі	Бейсенбі
<p>Тақырыбы: «Музыкалық әткеншек»</p> <p>Мақсаты: Өнді тыңдауға және жеңіл қозғалуға, шеңбер бойымен тұруға, жүруге дағдыландыру, жануарларға деген қызығушылық, қамқорлық сезімін ояту</p> <p>1. Балаларды музыкамен қарсы алу. Музыка жетекшісі «Әткеншек» әнін орындайды және балалардан әткеншектің қалай қозғалатынын сұрайды. Балалардан музыканың өзгеру темпін қимылмен көрсетуді және сұрақтарға жауап берулерін сұрайды.</p> <p>2. Музыкалық-ырғақты қимыл: Қай кезде музыка тез ойнады? Қай кезде баяу ойнады? (жылдам қозғалады, ақырын қозғалады, баяу қозғалады, тоқтайды.</p>	<p>Тақырыбы: «Қай аспапта ойнаймын?» ойыны</p> <p>Мақсаты: Қазақтың ұлттық аспаптарының (ішекті, ұрмалы, үрлемелі) өзіндік тембрлік дыбысталуымен таныстыру, ажырата білуге үйрету. Аспаптарда ойнауға машықтандыру, қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>1. Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу. Балаларға аспаптардың (домбыра, қобыз, сазсырнай, асатаяқ, дауылпаз, т.б.) суреттері бейнеленген карточкалар ұсынылады. Музыка жетекшісі ширма артында жасырып бір аспапта ойнайды. Балалар мұқият тыңдап, аспаптың дауысын тыңдайды.</p> <p>2. Музыкалық-ырғақты қимыл: Лентамен жаттығу. 1. Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру. 2. Қолды жоғары көтеріп денені оңға, солға иілту. 3. Лентаны жоғары көтеріп орындарында тұрып айналу.</p>

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Болашақ» балабақшасы

Топ «Қарлығаш» ересек тобы

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 13-17 қараша 2023 жыл

Сейсенбі	Бейсенбі
<p>Тақырыбы: «Күн мен бұлт»</p> <p>Мақсаты: Балалардың есту, тыңдау қабілеттерін дамыту. Әр – түрлі сипаттағы әуендерді ажырату қабілеттерін дамыту. (көңілді, қуанышты, мұңды, көңілсіз).</p> <p>1. Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді.</p> <p>Үш карточка бірінші карточкада жарқырап тұрған күннің көзінің суреті, екінші карточкада бұлт басқан күннің көзінің суреті, үшінші карточкада жаңбыр мен бұлттың суреті</p> <p>Ойынға қатысушылар, ойын құралының санына байланысты алынады. Балаларға карточкалар таратылып, Үш түрлі музыкалық шығарма тыңдауды ұсынады.</p> <p>Балалар бос шаршыларды әуеннің көңіл күйіне байланысты, суреті бар карточкалармен жабады. Әр сурет әуеннің көңіл күйіне байланысты.</p> <p>2. Ән айту. «Көңілді күн»</p>	<p>Тақырыбы: «Анасын тап» ойыны</p> <p>Мақсаты: Әнді немесе әуенді тыңдап, жануарлар мен төлдерінің жүрісін, қимыл-қозғалысын көрсете білуге, олардың дауыс ырғақтарын ажыратып, еске сақтауға үйрету.</p> <p>1. Балаларды музыкамен қарсы алу.</p> <p>Музыка жетекшісі шығарманы ойнап, балалар әуенге сәйкес суреттегі жануардың төлін тауып, енесінің жанына қояды. Олардың жүрісін, қимылын көрсетіп, дауысын салады.</p> <p>2. Музыка тыңдау.</p> <p>Ал енді сендер ән тыңдаңдар.</p> <p>«Балапан» әні.</p> <p>«Көңілді ырғақ» биін таныс би қимылдарымен билету.</p>

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Болашақ» балабақшасы

Топ «Қарлығаш» ересек тобы

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 20 қараша -24 қараша 2023 жыл

Сейсенбі	Бейсенбі
<p>Тақырыбы: «Үйде нестеп жатыр?»</p> <p>Мақсаты: Балалардың музыка жанрлары туралы білімдерін дамыту. Әнді, биді, маршты ажырата білуге баулу.</p> <p>1. Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді.</p> <p>Музыка жетекшісі әуенді тыңдатқызып, балалардың үйде не істеп жатқандарын айтып берулерін сурайды. Музыка жетекшісі фортепианода М. Гликаньң полькасын, Д. Шостаковичтің маршын және Ш. Қалдаяқовтың «Балдырғандар» әнін ойнап береді. Балалар музыканы тыңдай отырып, балалардың үйде не істеп жатқандарын ұғады. (ән айтып жатыр, билеп жатыр, сап тізіліп жүр).</p> <p>2. Музыка тыңдау«Тұлпарым».</p> <p>3. Ән айту«Қуыр-қуыр-қуырмаш» Әннің мәтінін үйрету.</p> <p>4. Музыкалық-ырғақты қимыл: Лентамен жаттығу.</p> <p>1.Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру. 2.Қолды жоғары көтеріп денені оңға , солға иілту. 3.Лентаны жоғары көтеріп орындарында тұрып айналу.</p>	<p>Тақырыбы: «Қай аспапта ойнаймын?» ойыны</p> <p>Мақсаты: Қазақтың ұлттық аспаптарының (ішекті,ұрмалы,үрлемелі) өзіндік тембрлік дыбысталуымен таныстыру, ажырата білуге үйрету. Аспаптарда ойнауға машықтандыру, қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>1.Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.</p> <p>Балаларға аспаптардың (домбыра, кобыз, сазсырнай, асатаяк, дауылпаз, т.б.) суреттері бейнеленген карточкалар ұсынылады. Музыка жетекшісі ширма артында жасырып бір аспапта ойнайды. Балалар мұқият тыңдап, аспаптың дауысын тыңдайды.</p> <p>2. Музыкалық-ырғақты қимыл: Лентамен жаттығу.</p> <p>1.Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру. 2.Қолды жоғары көтеріп денені оңға , солға иілту. 3.Лентаны жоғары көтеріп орындарында тұрып айналу.</p>

